

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ЖАСАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

А. К. Джакупова, магистрант

Ғылыми жетекші: А. М. Қазамбаева, экон. ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада ауыл шаруашылық кәсіпорындар үшін нарықтық экономика талаптарына сай экономикалық механизм жаңа құбылыс болып табылады. Ол әлі де жеткілікті зерттелмеген және тәжірибе жүзінде толық жүзеге асырылмаған. Бұл осындай экономикалық механизмде ауыл шаруашылық кәсіпорындары деңгейінде құру үшін білім мен тәжірибенің жетіспеушілігі туралы жазылған.

Внутрихозяйственный экономический механизм, адекватный требованиям рыночной экономики, для наших сельскохозяйственных предприятий новое явление. Оно недостаточно изучено и, что более важно, полностью еще не реализовано на практике. Это говорит о нехватке знаний и опыта для построения такого экономического механизма на уровне сельхозпредприятий и их структурных подразделений, который сумел бы сбалансировать интересы всех сторон и содействовал бы становлению с высоким уровнем концентрации и специализации эффективного сельскохозяйственного производства.

Inter-facilities mechanism adequate to the requirements of market economy, for our agricultural enterprises the new phenomenon. It is insufficiently investigated and, that is more important, completely is not yet realized in practice. It speaks about shortage of knowledge and experience for construction of such economic mechanism at a level of agro-enterprises and its structural divisions, which would manage to balance interests of all parties and would promote increase with high level of concentration and specialization of effective agricultural manufacture.

Батыс Қазақстан аймағы жерінің жазықтығы, шөбінің шүйгіндігі, су көздерінің молдығы жағынан мал және егін шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы [1].


Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені аймақ экономикасының біршама ірі және маңызды секторларының бірі болып табылады. Оның негізін жалпы аймақтық өнім құнында үлесі 6,2 % болатын ауыл шаруашылығы құрайды.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында экономикалық өсу байқалады. Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенінде 2008 жылы ең жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізілді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 18,3%-ға өсіп, 62,4 млрд. теңгені құрады. Сәйкесінше, өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемі 45,8%-ға, мал шаруашылығы – 2,6 %-ға өсті.

Облыстың ауыл шаруашылығы бидай, арпа, қара бидай, тары, сиыр еті, қой еті және жылқы етін өндіруге мамандануда. Жалпы өнім құрылымында дәнді дақылдар – 28,5%-ды, ет – 32,4%, сүт – 17,4%, картоп – 2,7%, көкөніс – 2,1%, жұмыртқа – 1,2%, жүн – 0,7%, майлы дақылдар – 0,4%, бақша дақылдары – 0,4%, жеміс-жидек – 0,5%, басқа өнімдер – 13,7%-дан келеді.

Енді ауыл шаруашылық саласында өндірілген жалпы өнімге назар аударайық, оны 1-диаграммадан көруге болады [3].

Ауыл шаруашылығы салаларында өндірілген өнім көлемінің өсуі байқалады. 2008 жылы 2006 жылмен салыстырғанда жалпы өнім көлемі 114 %-ға жоғарылаған. Өсімдік шаруашылығында өндірілген өнім көлемі жалпы ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдер көлемінің 46 пайызын құрайды, 2006 жылмен салыстырғанда 2008 жылы жалпы өнім көлемі 229 %-ға артып отыр. Ал мал шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 54 пайызын құрайды, яғни облыс шаруашылығы негізінен мал шаруашылығына маманданған. Мал шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1,6 есеге артып отыр.



1-Сурет – Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдері (миллион теңге)

Енді осы ауыл шаруашылық салаларына жеке-жеке тоқталайық. Облыс республикамыздың ағарлық өндіріс аймағына жатады. Оның табиғи жағдайы әртүрлі далалық құрғақ зонадан бастап шөлді аймаққа дейін бар.

Өсімдік шаруашылығы Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының беделді салаларының бірі.

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алқабының құрылымы келесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алқабының құрылымы

	2006		2007		2008	
	мың гектар	%	мың гектар	%	мың гектар	%
Бүкіл егіс көлемі	660,4	100	620,7	100	660,4	100
с.і.: дәнді дақылдар	570,6	86	532,1	86	542,8	82
майлы дақылдар	22	3	17	3	31	5
картоп	3,3	1	4	1	4	1
көкөніс	2,7	0,4	3	1	4	1
бақша дақылдары	1,1	0,2	1	0,2	2	0,2
мал азықтық дақылдар	60,8	9	63,5	10	77,3	12

2008 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің егіс көлемі 660,4 мың гектарды құрады. Егіс алқаптарының құрылымында 3 жыл бойы қомақты үлесті дәнді дақылдар алып отыр-сәйкесінше 86 %, 86 %, 82 %. Майлы дақылдардың үлесі 2008 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 2 %-ға артқан. Ал мал азықтық дақылдардың үлесі 3 жылда 3 %-ға

жоғарылаған. Картоп, көкөніс және бақша дақылдарының үлесі бұрынғы деңгейде қалып отыр.

Кез-келген саланы дамыту үшін ең алдымен оған әсер етуші факторларды анықтау қажет, сонан соң ғана сол салаға қатысты шешім қабылдауға болады [2].

Батыс Қазақстан облысында негізінен мал шаруашылығы жақсы дамыған, ал өсімдік шаруашылығы облыстың табиғат жағдайына байланысты орташа деңгейде деп айтуға болады.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру көлемі 2-кестеде көрсетілген.

2-кестеден көріп отырғанымыздай, 2008 жылы дәнді-дақылдардың жалпы түсімі 714,4 мың тонна, бұл 2006 жыл деңгейінен 164 %-ға жоғары. Оның ішінде қомақты көлем Зеленов ауданында 281,4 мың тонна, Теректі ауданында – 137,7 мың тонна, Сырым ауданында – 85,2 мың тонна құрады.

2006 жылмен салыстырғанда майлы дақылдардың егіс көлемінің 40%-ға өсуіне байланысты, оның жалпы түсімі 2,7 есеге өсіп, жетілдіруден кейінгі салмақта 17,1 мың тоннаны құрады. Майлы дақылдардың жартысына жуығы (8,3 мың тоннасы) Зеленов ауданының шаруашылықтарында жиып алынды.

2-Кесте – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы түсімі

	2006	2007	2008	Мың тонна 2008 2006 қатынасы, %
Дәнді және бұршақ дәнді, барлығы	271,0	422,9	714,4	264
С.і.: күздік бидай	24,3	39,0	29,2	120
күздік қара бидай	3,0	6,2	7,1	237
жаздық бидай	140,4	222,1	407,9	291
жаздық арпа	87,6	146,2	246,6	282
сұлы	1,0	1,1	1,8	180
тары	12,4	5,7	13,1	106
Техникалық, барлығы	6,4	6,0	17,1	267
Картоп	34,5	36,0	48,1	139
Көкөніс	30,0	31,4	38,2	127
Бақша дақылдары	8,4	11,5	17,1	204

Картоптың жалпы өнімі 2008 жылы 48,1 мың тоннаны құрады, бұл 2006 жыл деңгейімен салыстырғанда 13,6 мың тонна немесе 39%-ға артық. 2008 жылы картоп өнімінің қомақты үлесі- 20,6 мың тонна немесе облыстың жалпы көлемінен 42,8%-ы Зеленов ауданының шаруашылықтарымен қамтамасыз етілген. Көкөністен 38,2 мың тонна өнім алынды, бұл 2006 жылға қарағанда 27%-ға артық. Бақша дақылдарының түсімі 2008 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 104%-ға артқан [3].

Облыста дағдарысқа қарсы шаралар ұйымдастырылып, Елбасымыздың Жолдауын жүзеге асыру мақсатында ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда: күнбағысты қайта өңдейтін және жылдық қуаттылығы 7,4 мың тонналық өсімдік майын шағаратын зауыт, 7 га алқапта жылына 2,5 мың тоннадан кем емес көкөніс өндіретін жылыжай, 5 мың бас ІҚМ арналған бордақылау кешенінің құрылысы, «Агротраст» ЖШС қуаттылығы тәулігіне 150 тонналық диірмен кешенінің құрылысы. Сонымен қатар, 60 га алқапта тамшылатып суару жүйесімен жеміс-көкөніс дақылдары және 60 га алқапта көп жылдық жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылатын болады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға айтарлықтай қаражат АӨК мамандандырылған ұйымдары арқылы бөлінеді. Облыс аудандарындағы 10 ауылдық несие серіктестіктері

2008 жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 760,8 млн. теңге соммасында 135 несие берді.

«Азық-түліктік шартты корпорация» АҚ арқылы көктемгі-далалық және жинау жұмыстарын жүргізу үшін 459,8 млн. теңге қарыз берілді. Тұрғындарды шағын несиелендіру бағдарламасы бойынша Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры арқылы 154,0 млн. теңгеге 586 шағын несие берілді.

«КазАгроҚаржы» АҚ лизинг бағдарламасы бойынша 858,0 млн. теңгеге айналым құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын және жабдығын берді. «Батысагросервис» АҚ көкөніс және картоп шаруашылықтарын дамытуға 198,0 млн. теңге бөлді.

Қайта өңдеу кәсіпорындардың айналым қаражаттарын толтыруға пайыздық жарналарын субсидиялау бағдарламасы бойынша банктер 475,0 млн. теңгеге қысқамерзімді несиелер берілді.

Үкімет бюджет қаражатын түрлі бағыттарға бағыттау құқығына ие. Мұнда белгілі-бір уақыт аралығында стратегиялық маңазы бар деп танылған салаларға, тұрғындардың әлеуметтік топтарына қомақты көлемде бюджет қаражаттары бөлінуде. Мемлекет агроөнеркәсіптік кәсіпорындар үшін банктік несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялайды. Қаржыландыру мәселесі мақсатты, нысаналы бағдарламалар шеңберінде анықталуы қажет. Бюджеттен берілетін қаржы жалпы ұлттық өнім бөлігі болған соң, ол қатаң қадағалауды, мақсатты пайдалануды қажет етеді. Қаржыландыру көлемі, бағыты, пайдалану объектісі ғылыми зерттелген, дәйектелген, тұжырымдалған болуы керек және ол көмекті пайдалану барысындағы тиімді нәтижелер ауыл өміріндегі басқа іс-қимыл, қызметтердің дамуына себепші болуы қажет. Қазіргі біздің жағдайымызда үкімет қаржылары көп жағдайларда болашақтық қызметтерді іске асыруға емес, күнделікті болып жатқан жоғалтулардың орнын толтыруға жұмсалуда.

Агроөнеркәсіптік кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың негізгі принциптері:

- Қазақстан Республикасында ауылшаруашылығы саласын дамытудың басымды бағыттарын қаржыландыру;
- ауылшаруашылығы саласын мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;
- ауылшаруашылығы саласын қолдау инфрақұрылымының және жүзеге асырылатын шаралардың шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін қолжетімділігі;
- ауылшаруашылығы саласын қолдау мен дамыту саласындағы сыртқы экономикалық байланысты қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі таңдағы ауылшаруашылығы саласы субъектілерін қаржылық қолдау келесі бағыттарда қалыптасқан:

- тікелей қаржылық қолдау көрсету;
- мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарлардың кепілдендірілген көлемін сатып алу. Мысалы астық өнімдерін мемлекет тұрақты түрде сатып алады.
- екінші деңгейдегі банктер арқылы кредит беруді ұйымдастыру;
- экономика салаларында әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;
- арнайы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру;
- бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру жолымен жүзеге асырылады [4].

Аталған шаралардаі тиімді экономикалық тұрақтылықтары және макро-, микроэкономикалық тиімді байланыстылықтарды қамтамасыз етуі ең бірінші мемлекеттік реттеу жүйесіне байланысты. Негізінен осы жүйені құрушы және реттеу құралдарын іске асырушы білікті мамандарға байланысты. Сол себепті үкімет мамандарына қойылатын басты талап халқының, елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына деген патриоттық сезімі. Реттеу жүйесінің құралдары-экономикалық механизм элементтерінің қаншалықты тиімді жұмыс жасауында.

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық тауар өндірушілері облыста несиелік серіктестіктер арқылы өзін-өзі қаржыландыруды тиімді пайдаланып келеді, олар: «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау» қоры, «Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы» АҚ, «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ, «Казагрофинанс» АҚ, екінші деңгейдегі банктер несиелері арқылы несиелер, лизингке техникалар алады.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік қолдау жүйесінің негізгі мақсатына сай жұмыс жасауы тікелей және жанама ықпал әдістеріне негізделеді. Сол себепті нарықтық экономика, бұл аралас экономика. Бұл экономикада жоғарыдағы екі ықпалдың қайсысы екіншісіне қарағанда басым болуы керек деген сұрақ туады.

Ол әлемдік, отандық тәжірибелерге нақты экономикалық жағдайға, реттеліну деңгейіне байланысты болып, негізгі экономикалық-әлеуметтік мақсаттар шеңберінде анықталуы керек. Ал, бұл жағдай экономика сұранысына, мүмкіндігіне сай келетін вертикалды бағыныштылықта болатын құрылымдар құруды талап етеді.

Қазіргі шақта ауыл экономикасын дамытуға жыл сайын Үкімет тарапынан көмек қаржы бөлінуде. Бірақ қазіргі кездегі бұл көмектердің тиімділігі өте нашар. Себебі олар ауыл өндірісіне делдал фирмалар арқылы жетеді. Яғни ауыл шаруашылығына деп бөлінген бюджеттік қаржылар сату-сатып алу жұмыстарымен айналысып отырған бизнестен фирмаларды дамытуға бағытталған қаржы рөлін атқаруда. Біздің ойымызша бұл жағдай түбегейлі өзгерісін табуы керек.

Ауыл экономикасын көтеруге бағытталған көмек шаралары басым жағдайда баға саясаты арқылы іске асқаны жөн. Яғни, үкімет ауылшаруашылық өнімін белгілі-бір деңгейдегі орта рентабельділікті қамтамасыз ететін бағамен сатып алу саясатын іске асыруы керек. Егер ауылшаруашылық өніміне деген үкімет бағасы орташа нарық бағасынан жоғары болса, делдал фирмалар араларындағы өндірістік-экономикалық қатынастарды әділетті жағдайда құру қажет.

Осы айтылған шаралармен бірге ауыл өмірінің тиімді жұмыс жасау механизмін құрудағы өзекті шаралардың бірі, ол - қаржыландыру және несиелік алу.

Мемлекеттік қаржыларды тиімді пайдалануға тағы бір жағдай, ол мемлекеттік және аймақтық қайта қалпына келтіру. Мемлекеттік тапсырма жүйесінің нарық талабына сай жұмыс жасауы, негізгі ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін ұжымдар үшін күшті өндірістік ынталандыру. Бұл жерде алғы шепке тапсырманың іске асырылу механизмі шығады. Тапсырманың сапалы, уақытында, көрсетілген көлемінде орындалуы үшін үкімет белгілі мөлшерде екі жақты жауапкершілікті ескере отырып өндіріс процесіне араласуы қажет. Тек осындай жағдайда қаржыландыру тапсырмалары арқылы тиімді, екі жаққа да ұтымды болуы мүмкін.

Тиімді механизм құрудағы басты мақсаттардың бірі- ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану. Ауыл өміріндегі жүріп жатқан реформа және жер саясаты, ол адамдарға жерді үлес ретінде бөліп берумен шектелінбеуі керек, керісінше, оның құнарлылығын арттырып, түрлі меншіктегі ауылшаруашылық ұжымдарын дамытуға, нәтижелі еңбекке ынталандыруға бағытталған болуы керек. Жерді тиімді пайдалану саясаты күрделі, кешенді саясат екендігін естен шығармау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбділдин, С. Агробизнесті ұйымдастыру / С. Әбділдин. – Алматы : Экономика – 2001.
2. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы саласының экономикалық көрсеткіштері жылнамасы. – Орал: 2008.
3. Попов, Н. А. Экономика сельского хозяйства с основами сельского предпринимательства / Н. А. Попов. – Алматы : Экономика. – 2006. – 117-118 б.

4. Оспанов, М. Т. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі / М. Т. Оспанов, Р. Р. Аутов, Х. Ертазин. – Алматы : Кайнар. – 1997. – 78 б.
5. Гражданский кодекс РК (Общая часть) – Алматы : Кайнар.– 2001. – 124 б.

УДК: 330.322:338.433

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТЬ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА В УСЛОВИЯХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Р. С. Джубатыров, магистрант

Научный руководитель: **Р.С. Габдуалиева**, доктор экон. наук

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Мақалада Республиканың агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық тартымдылығы және өлкенің ашық сұрақтары, отандық ауыл шаруашылық өндірушілердің бәсекеге түсе алатындығын жоғарылатудағы мемлекеттік қолдаудың рөлі көрсетілген. Ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтау бойынша елдің азық-түлік қауіпсіздігінің сұрақтары, мемлекеттің реттейтін рөлі қаралған.

В статье раскрыты вопросы инвестиционной привлекательности агропромышленного комплекса республики и региона, показана роль государственной поддержки в повышении конкурентоспособности отечественных сельхозпроизводителей. Рассмотрены вопросы продовольственной безопасности страны, а также регулирующая роль государства по сохранению стабильности внутреннего продовольственного рынка.

The article describes issues of investment attractiveness of agricultural industry and role of governmental support for increasing of competitiveness of domestic producers of agricultural products. Questions of food safety of the country and also regulating role of state at keeping stability of domestic food market are considered.

Агропромышленный комплекс является одной из ключевых отраслей экономики и от степени его развития всецело зависит не только уровень продовольственной безопасности страны, но общественно-политической стабильности государства.

В Республике Казахстан в настоящее время основной задачей при обеспечении продовольственной безопасности является стабилизация отечественного агропромышленного производства на основе роста производительности и доходности отраслей аграрного сектора при эффективном государственном регулировании.

К национальным интересам государства в агропродовольственной сфере можно отнести: обеспечение население необходимым объемом продуктов питания собственного производства; поддержание на нормативном уровне государственного продовольственного резерва; обеспечение соответствия качества производимых и реализуемых продуктов питания стандартам качества и безопасности пищевых продуктов; обеспечение необходимого прожиточного минимума, достойного уровня и высокого качества здоровой жизни населения; создание эффективной системы управления аграрным сектором экономики; расширение производства конкурентоспособной продовольственной продукции с ориентацией на экспорт; развитие материально-технической базы сельского хозяйства и перерабатывающей промышленности; реализацию единой научно-технической политики в